

**8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Желдибаева Райгуль Сериковнаның «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

### **ШКІРІ**

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мен ғылым салалары үшін жоғары білімді және жоғары білікті мамандар ұлттық еңбек нарығындағы мемлекеттік саясаттың ажырамас құрамдас бөліктерінің біріне айналуға бастады. Осыған сәйкес педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби дайындығын, іс-әрекетінің мазмұны мен әдістерін жетілдіру мәселесі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты жүзеге асырылады. Бұдан бөлек, жоғары білім берудің басым міндеті қазақстандық білім беру мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Сондықтан да, бүгінгі білім беру жүйесіндегі білім беру қызметтерінің қайта жаңартылуы, білім беру үрдісіне инновациялардың енгізілуі, әлеуметтік талаптардың деңгейінің өсуі, т.б. болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды жаһандық талаптарға сәйкес қайта қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оны эксперимент жүзінде тәжірибеден өткізу болып табылады.

Зерттеу жұмысының авторы тарапынан жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздері айқындалған; жаһандану, жаһандық білім беру, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік бойынша жазылған ғылыми еңбектерді зерделеу, талдау негізінде «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланған, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген және әдістемесі жасалған.

Ізденуші-докторант аталған моделде болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкес дамыту мақсатында үш ұтымды құзырет (инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық) және әр құзырет блогына тиесілі көрсеткіштерді ұсынады. Аталған құзыреттердің мазмұнын жан-жақты ашу арқылы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандану жағдайында дамытудың мәнін айқындап, өзі анықтаған психологиялық-педагогикалық шарттарын эксперименттік-тәжірибе



жүзінде тексеріп, тиімділігін дәлелдеген. Экспериментте қолданған заманауи диагностикалық әдістемелері қазіргі білім беру жүйесінің талабына сәйкес жүргізілгені зерттеу жұмысының құндылығын арттырады.

Р.С. Желдибаева өзінің зерттеу жұмысының барысында кәсіби құзыреттілікті жаһандық талаптарға сәйкес дамыту мақсатында «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курсы әзірлеп, оны болашақ педагог-психологтарды дайындауда басшылыққа алатын білім беру бағдарламасына енгізген. Сондай-ақ, ізденуші-докторант болашақ педагог-психологтарды дайындау үрдісін практикалық тұрғыдан күшейту мақсатында ұсынған «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингтік бағдарламасын ЖОО-да қолдану болашақ педагог-психологтарды дайындау сапасын арттыруға ықпал етті.

Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері 10 ғылыми еңбекте жарық көрген. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарында 5 мақала, Scopus деректер қорына енетін шетелдік басылымда 1 мақала, халықаралық және республикалық ғылыми журналдар мен ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында 4 мақала жарияланған.

Орындалған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарына сәйкес келеді және Р.С. Желдибаеваның ғылыми зерттеулерді жүргізуге жеткілікті түрдегі жоғары деңгейдегі дайындығын, педагогика және психология саласы және пәндік бағыт бойынша терең білімінің бар екендігін көрсетеді.

Желдибаева Райгуль Сериковнаның 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясын ашық түрде қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,  
PhD докторы

А.Ж. Сапарғалиева

